

**ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫ БОЙЫНША
ТЕКСЕРУ КОМИССИЯСЫ**

АУДИТОРЛЫҚ ҚОРЫТЫНДЫ

«Облыстың қаржы және мемлекеттік активтер басқармасында 2022 жылдың бюджетін жоспарлау және атқару кезінде бюджет заңнамасының сақталуына, облыстық бюджетке бөлінген бюджет қаражатының және мемлекеттік активтерінің пайдаланылу тиімділігіне мемлекеттік аудит жүргізу» аудиторлық іс-шарасы бойынша жүргізілген аудиттің нәтижелеріне

ТҮРКІСТАН ҚАЛАСЫ

2023ж

МАЗМҰНЫ

I. Кіріспе бөлік

- 1.1. Аудиторлық іс-шараның атауы
- 1.2. Мемлекеттік аудиттің мақсаты
- 1.3. Мемлекеттік аудиттің объектілері
- 1.4. Мемлекеттік аудитпен қамтылған кезең

II. Негізгі (талдамалық) бөлік

- 2.1. Аудиттелетін саланың жай-күйін қысқаша талдау
- 2.2. Мемлекеттік аудиттің негізгі нәтижелері
- 2.3. Мемлекеттік аудит объектілері қызметінің әлеуметтік-экономикалық дамуға әсерін бағалау (өңірлік және (немесе) елдік бөліністе)

III. Қорытынды бөлік

- 3.1. Мемлекеттік аудит барысында қабылданған шаралар
- 3.2. Мемлекеттік аудит нәтижелері бойынша тұжырымдар
- 3.3. Мемлекеттік аудит нәтижелері бойынша ұсынымдар мен тапсырмалар
- 3.4. Қосымша:
Мемлекеттік аудит нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтар мен кемшіліктердің жиынтық тізілімі.

I. Кіріспе

1.1. Аудиторлық іс-шараның атауы: «Облыстың қаржы және мемлекеттік активтер басқармасында 2022 жылдың бюджетін жоспарлау және атқару кезінде бюджет заңнамасының сақталуына, облыстық бюджетке бөлінген бюджет қаражатының және мемлекеттік активтерінің пайдаланылу тиімділігіне мемлекеттік аудит жүргізу» сыртқы мемлекеттік аудиті

1.2. Мемлекеттік аудиттің мақсаты:

- Қазақстан Республикасының бюджет жүйесінің қағидаттарына сәйкес жергілікті бюджетті атқарудың тиімділігі;

- Мемлекеттік аудит объектісінің қызметіне тиімділік аудитін жүргізу.

1.3. Мемлекеттік аудит объектілері:

Түркістан облысының қаржы және мемлекеттік активтер басқармасы мемлекеттік мекемесі.

1.4. Мемлекеттік аудитпен қамтылған кезең: 2022 жылдың 01 қаңтарынан 2022 жылдың 31 желтоқсан аралығы.

II. Негізгі (талдамалық) бөлік:

2.1. Аудиттелетін саланың жай-күйін қысқаша талдау:

Түркістан облысы бойынша тексеру комиссиясының мемлекеттік аудит объектілерінің 2023 жылға арналған тізбесіне сәйкес, «Облыстың қаржы және мемлекеттік активтер басқармасында 2022 жылдың бюджетін жоспарлау және атқару кезінде бюджет заңнамасының сақталуына, облыстық бюджетке бөлінген бюджет қаражатының және мемлекеттік активтерінің пайдаланылу тиімділігіне мемлекеттік аудит жүргізу» аудиторлық іс-шарасы 10.04.2023 – 26.04.2023 жыл аралығында жүргізілді.

Аудиторлық іс-шарамен жалпы 1 аудит объектісі қамтылды, үстеме тексеру жүргізілмеді.

Мемлекеттік аудиттің мәніне сәйкес, Облыстық қаржы және мемлекеттік активтер басқармасында 2022 жылдың жергілікті бюджетті атқару және коммуналдық меншікті басқару саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтердің тиімділік аудиті жүргізілді.

1. Өңірлік және (немесе) елдік бөліністе аудиттелетін саланың, соның ішінде мемлекеттік басқарудың және (немесе) экономика саласының, әлеуметтік-экономикалық дамудың ағымдағы жай-күйі күйін талдау

«2022-2024 жылдарға арналған облыстық бюджет туралы» Түркістан облыстық мәслихатының шешімін іске асыру мақсатында Түркістан облыс әкімдігінің қаулысы қабылданып, оған жыл бойы тиісті өзгертулер мен толықтырулар жасалып отырған.

- Жергілікті бюджетке түсетін түсімдердің орындалуының толықтығы мен уақтылығын, жете орындалмау немесе асыра орындалу себептерін талдау;

2022 жылы облыстық бюджетті нақтылау және түзету барысында облыстық бюджетке түсетін түсімдерге елеулі өзгерістер енгізіліп, 202 909 201,0 мың теңгеге ұлғайып, жоспар 1 298 851 591,0 мың теңгені

құраған.

Облыстық бюджетке түскен түсімдердің жалпы көлемінде кірістердің үлесі 94,4%, бюджеттік кредиттерді өтеу – 3,0%, қарыздар түсімі – 2,5%, мемлекеттің қаржылық активтерін сатудан түскен түсімдер 0,003% құраған.

2022 жылғы облыстық бюджетке түсетін түсімдердің орындалуы 1 298 265 835,8 мың теңгені немесе түзетілген бюджетке 100,0% құраған.

2022 жыл ішінде кіріс бөлігі нақтылау және түзетулер кезінде 196 297 171,0 мың теңгеге ұлғайып, 1 226 485 968,0 мың теңге сомасында анықталған. Кірістердің нақты түсімі 1 225 889 518,9 мың теңгені құраған немесе жоспар 1 246 699,1 мың теңгеге артық орындалған. Оның ішінде (трансферттердің түсімдерін қоспағанда), 17 кіріс көзі бойынша жоспар орындалса (немесе асыра орындалса), 5 кіріс көзі бойынша жоспар орындалмаған және жоспарланбаған 6 кіріс көзі бойынша кірістер түскен. Трансферттердің түсімдері 100%-ға орындалған.

Облыстық бюджеттің кіріс бөлігінде салық түсімдері 4,5% немесе 55 115 863,1 мың теңгені, салықтық емес түсімдер – 1,0% немесе 12 394 833,4 мың теңгені, негізгі капиталды сатудан түскен түсімдер 0,005% немесе 63 574,3 мың теңгені, трансферттердің түсімдері – 94,5% немесе 1 158 315 248,1 мың теңгені құраған.

Бюджет кредиттерін өтеу сомаларының жоспары 39 408 518,0 мың теңгені құрап, 39 408 518,9 мың теңгеге немесе 100,0%-ға орындалған.

Қарыздар түсімі бойынша жоспар 32 927 105,0 мың теңгені құрап, 32 927 105,0 мың теңгеге немесе 100,0%-ға орындалған.

Мемлекеттің қаржылық активтерін сатудан түсетін түсімдер бойынша жоспар 30 000,0 мың теңге, нақты түскені 40 693,0 мың теңге.

Бюджетке түсетін түсімдердің толықтығын және уақтылылығын қамтамасыз ету жөніндегі қызметті жүзеге асыратын жауапты уәкілетті органдар бойынша облыстық бюджеттің кіріс бөлігінің атқарылуы бойынша бюджет қаражатын басқарудың тиімділігін бағалау қажет.

2. Түркістан облысының 2021-2025 жылдарға арналған даму бағдарламасының 2022 жылдың қорытындысымен нысаналы индикаторлардың орындалуы туралы (Жедел есептілік, Жоба)

1. Бағыт - Өңір экономикасының өсуі

- Номиналды мәндегі халықтың жан басына шаққандағы жалпы өңірлік өнім 2022 жылы жоспар 3 444,0 АҚШ долларына жеткізу болса, іс жүзінде 2 328,5 АҚШ долларды құрады *(2022 жылдың 9 айының қорытындысы бойынша ресми көрсеткіш)*.

- Еңбек өнімділігінің өсуін 2022 жылы жоспар бойынша 22,7%-ға жеткізу көзделсе, іс жүзінде 18,0%-ды құрады *(2022 жылдың 9 айының қорытындысы бойынша ресми көрсеткіш)*.

- Негізгі капиталға инвестициялар көлемін 2022 жылы жоспар бойынша 123,3%-ға жеткізу көзделсе, іс жүзінде 156,2%-ды құрап, көрсеткішке қол жеткізілген.

- Экономикадағы орта кәсіпкерліктің үлесін 2022 жылы жоспар бойынша 9,1%-ға жеткізу көзделсе, іс жүзінде 2,4%-ды құрады (2022 жылдың 9 айының қорытындысы бойынша ресми көрсеткіш).

- Өңдеу өнеркәсібіндегі өндіріс көлемін 2022 жылы жоспар бойынша 352,0 млрд.теңгеге жеткізу жоспарланса, іс жүзінде 377,9 млрд.теңгені құрап, көрсеткішке қол жеткізілген.

- 2022 жылы жоспар бойынша «Бастау Бизнес» жоба шеңберінде оқудан кейін жеке ісін ашқан адамдардың үлесін 40,0%-ға ұлғайту көзделсе, іс жүзінде 12,4%-ды құраған.

- Кәсіпкерлік субъектілерінің, қаржылық қолдау алғандар санын 2022 жылы жоспар бойынша 137 бірлікке жеткізу көзделсе, іс жүзінде 220 бірлікті құрап, көрсеткішке қол жеткізілген.

2. Бағыт – Өмір сүруге ыңғайлы және қауіпсіз аймақ

- Халықтың сумен жабдықтау қызметтеріне қолжетімділігі:

А) қалаларда жылдық жоспар 99,4%, іс жүзінде 99,4%;

Б) ауылдық елді мекендерде жылдық жоспар 96,6%, іс жүзінде 93,4%-ды құрады.

- ОДҚ құрамына кіретін моно - және шағын қалаларда, шекара маңындағы шағын қалаларда, сондай-ақ халқының саны 50 мыңнан асатын моноқалаларда инженерлік және көлік инфрақұрылымының тозуын 2022 жылы жоспар бойынша 55,1%-ға дейін төмендету көзделсе, іс жүзінде 59,4%-ды құрап, көрсеткішке қол жеткізілген.

- Үйге ортақ жылу және су есептеу аспаптарымен қамтамасыз етілу деңгейін 2022 жылы 98,0%-ға жеткізу көзделсе, іс жүзінде 100,0%-ды құрап, көрсеткішке қол жеткізілген.

- Халықтың экологиялық өмір сүру сапасына қанағаттану деңгейін 2022 жылы 71,2%-ға дейін жеткізу көзделсе, іс жүзінде 61,2%-ды құраған.

- Жастарды экологиялық жобалармен қамту бойынша 2022 жылы 15 900 адамға жеткізу көзделсе, іс жүзінде 16 000 адамды құрап, көрсеткішке қол жеткізілген.

- ЖАО жұмысының сапасына қанағаттану деңгейін 2022 жылы 68,2%-ға жеткізу көзделсе, іс жүзінде 62,5%-ды құрап, көрсеткішке қол жеткізілген.

- Цифрланған жер деректерінің үлесін 2022 жылы жоспар бойынша 80,0%-ға дейін жеткізу жоспарланса, іс жүзінде 80,0%-ды құрап, көрсеткішке қол жеткізілген.

- Цифрлық стандартқа (үлгілік сәулет, эталондық стандарт) сәйкес келетін әкімдіктердің үлесін 2022 жылы 40,0%-ға жеткізу көзделсе, іс жүзінде 40,0%-ды құрап, көрсеткішке қол жеткізілген.

- Жеке, мүліктік және қоғамдық қауіпсіздікті сезіну деңгейін 2022 жылы 74,3%-ға жеткізу көзделсе, іс жүзінде 61,2%-ды құраған.

- Түркістан қаласында бейнебақылау камераларының санын 2022 жылы жоспар бойынша 3127 бірлікке ұлғайту көзделсе, іс жүзінде 1481 бірлік бейнебақылау камерасы іске қосылған.

3. Бағыт – Өңірдің жаңа сапасын қамтамасыз ету

- Жұмыспен қамту деңгейін 2022 жылы 5,2%-ға дейін жеткізу көзделсе, іс жүзінде 5,3%-ды құрап, көрсеткішке қол жеткізілді (2022 жылдың 3-тоқсанының нәтижелері бойынша. 2022 жылғы статистикалық деректердің нәтижелері тиісінше 2023 жылғы ақпан, сәуір айларында белгілі болады).

- Қысқа мерзімді кәсіптік оқудан кейін жұмысқа орналасу деңгейін 2022 жылы 60%-ға дейін арттыру көзделсе, іс жүзінде 87,3%-ды құрап, көрсеткішке қол жеткізілген.

- Мемлекет басшысының "әрбір 10 мың тұрғынға кемінде 100 жаңа жұмыс орнын құру" тапсырмасы бойынша 2022 жылы 10854 адамға тұрақты жұмыс орнын ашу жоспарланса, 2023 жылғы 1 қаңтарға 24 002 жаңа тұрақты жұмыс орны ашылып, жоспар 222,0%-ға орындалды. Асыра орындау кәсіпкерлерді салық органдарына тіркеуді ұлғайту есебінен болды.

- Халықтың мектепке дейінгі / орта білім сапасына қанағаттану деңгейін 2022 жылы 71,9%-ға жеткізу көзделсе, іс жүзінде 64,5%-ды құрады.

- Балаларды қосымша біліммен қамтуды 2022 жылы 66,3%-ға дейін жеткізу көзделсе, іс жүзінде 70,1%-ды құрап, көрсеткішке қол жеткізілген.

- Шағын қалаларда, аудан орталықтарында және ауылдарда жаңғыртылған мектептер санын 2022 жылы 108 бірлікке жеткізу көзделсе, іс жүзінде 108 бірлікті құрап, көрсеткішке қол жеткізілген.

- Салауатты өмір салтын ұстанатын Қазақстан азаматтарының үлесін 2022 жылы 24,0%-ға арттыру көзделсе, іс жүзінде 24,6%-ды құрап, көрсеткішке қол жеткізілген.

3. Жергілікті бюджетке түсетін түсімдердің орындалуын бағалау

2022 жылы облыстық бюджетті нақтылау және түзету барысында облыстық бюджетке түсетін түсімдерге елеулі өзгерістер енгізіліп, 202 909 201,0 мың теңгеге ұлғайып, жоспар 1 298 851 591,0 мың теңгені құраған.

Облыстық бюджетке түскен түсімдердің жалпы көлемінде кірістердің үлесі 94,4%, бюджеттік кредиттерді өтеу – 3,0%, қарыздар түсімі – 2,5%, мемлекеттің қаржылық активтерін сатудан түскен түсімдер 0,003% құраған.

2022 жылғы облыстық бюджетке түсетін түсімдердің орындалуы 1 298 265 835,8 мың теңгені немесе түзетілген бюджетке 100,0% құраған.

2022 жыл ішінде кіріс бөлігі нақтылау және түзетулер кезінде 196 297 171,0 мың теңгеге ұлғайып, 1 226 485 968,0 мың теңге сомасында анықталған. Кірістердің нақты түсімі 1 225 889 518,9 мың теңгені құраған немесе жоспар 1 246 699,1 мың теңгеге артық орындалған. Оның ішінде (трансферттердің түсімдерін қоспағанда), 17 кіріс көзі бойынша жоспар орындалса (немесе асыра орындалса), 5 кіріс көзі бойынша жоспар орындалмаған және жоспарланбаған 6 кіріс көзі бойынша кірістер түскен. Трансферттердің түсімдері 100%-ға орындалған.

Облыстық бюджеттің кіріс бөлігінде салық түсімдері 4,5% немесе 55 115 863,1 мың теңгені, салықтық емес түсімдер – 1,0% немесе 12 394 833,4 мың теңгені, негізгі капиталды сатудан түскен түсімдер 0,005% немесе 63 574,3 мың теңгені, трансферттердің түсімдері – 94,5% немесе 1 158 315 248,1 мың теңгені құраған.

Бюджет кредиттерін өтеу сомаларының жоспары 39 408 518,0 мың теңгені құрап, 39 408 518,9 мың теңгеге немесе 100,0%-ға орындалған.

Қарыздар түсімі бойынша жоспар 32 927 105,0 мың теңгені құрап, 32 927 105,0 мың теңгеге немесе 100,0%-ға орындалған.

Мемлекеттің қаржылық активтерін сатудан түсетін түсімдер бойынша жоспар 30 000,0 мың теңге, нақты түскені 40 693,0 мың теңге.

4. Жергілікті бюджет шығыстарының атқарылуын бағалау

2022 жылы облыстық бюджетті түзету барысында бюджет шығындарының көлемі 222 621 480,0 мың теңгеге немесе 21,3%-ға ұлғайған. Бұл көрсеткіш 2021 жылы 22,7%-ды 2020 жылы 34,2%-ды және 2019 жылы 35,2%-ды құраған.

Облыстық бюджетте қаражаттың басым бөлігі білім беруге – 39,5%, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылыққа – 9,8%, басқаларға – 5,8%, ауыл, су, орман, балық шаруашылығы, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, қоршаған ортаны және жануарлар дүниесін қорғау, жер қатынастары саласына – 4,1%, әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамсыздандыруға – 3,4%, көлік және коммуникацияларға – 3,3%, мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кеңістікке – 2,9%, өнеркәсіп, сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметіне – 2,1%, қоғамдық тәртіп және қауіпсіздік, құқықтық, сот, қылмыстық-атқару қызметі – 1,8%, денсаулық сақтауға – 1,7% бағытталған.

Бекітілген облыстық бюджетті нақтылау мен түзету кезінде, барлық функционалдық топтар бойынша шығыстары өскен. Атап айтқанда жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер – 1,3 есеге, қорғаныс – 0,6 есеге, қоғамдық тәртіп, қауіпсіздік, құқықтық, сот, қылмыстық атқару қызметі – 1,7 есеге, білім беру – 1,2 есеге, денсаулық сақтау – 1,2 есеге, әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамсыздандыру – 1,2 есеге, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық – 1,9 есеге, мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кеңістік – 1,2 есеге, отын-энергетика кешені және жер қойнауын пайдалану – 0,6 есеге, ауыл, су, орман, балық шаруашылығы, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, қоршаған ортаны және жануарлар дүниесін қорғау, жер қатынастары – 1,1 есеге, өнеркәсіп, сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі – 2,4 есеге, көлік және коммуникация – 1,8 есеге, басқалар – 1,1 есеге, борышқа қызмет көрсету – 1,2 есеге дейін ұлғайған.

Түркістан облысының әлеуметтік – экономикалық көрсеткіштерін нығайту және жыл сайынғы жоспарланған межелерге қол жеткізу мақсатында, жергілікті салықтардың өндірілмеген берешектерін өндіру бойынша жұмыстар тұрақты түрде атқарылуда. Жергілікті өзін – өзі басқару шотына түсетін кірістер жоспарға сай орындалуда және шығыстар бойынша қаржылар заңға сәйкес игерілуде.

2.2. Мемлекеттік аудиттің негізгі нәтижелері

Жалпы аудитпен қамтылған 1 бірлік аудит объектісінде қаржылық бұзушылықтар анықталмаған.

Рәсімдерді орындау тәртібінің бұзылуы бойынша бұзушылық фактілері орын алмаған.

Жүргізілген сыртқы мемлекеттік аудит барысында 1 бюджеттік бағдарлама бойынша барлығы 260 198,0 мың теңге аудитпен қамтылды. Атап айтқанда:

260 198,0 мың теңге бөлініп, оның 260 192,5 мың теңгесі игерілген немесе жоспар 100%-ға орындалған. Игерілмеген 5,4 мың теңге нақты шығындар есебінен үнемделген.

Бюджеттік бағдарламада жоспарланған тікелей нәтижелерге толық қол жеткізілген.

Жүргізілген сыртқы мемлекеттік аудит барысында мемлекеттік аудит объектісі бойынша қаржылық бұзушылықтар, рәсімдік сипаттағы бұзушылықтар анықталмады және бюджет қаржысын тиімсіз пайдалану деректері орын алмаған.

Бюджеттік бағдарламалардың орындалу тиімді деп бағаланды. Мемлекеттік аудит объектісінің Қазақстан Республикасының заңнамасының нормалары сақталған.

2.3. Мемлекеттік аудит объектілері қызметінің әлеуметтік-экономикалық дамуға әсерін бағалау (өңірлік және (немесе) елдік бөліністе)

Мемлекеттік аудит барысында Түркістан облысының әлеуметтік-экономикалық дамуының жәй-күйі егжей-тегжей талданып, бағаланды.

Атап айтқанда:

Бюджеттік кредиттердің пайдаланылуын талдау

2022 жылы Түркістан облысының әкімдігіне республикалық бюджеттен 3-бағытта барлығы 9 543 722,0 мың теңге бюджеттік кредиттер беріліп, толық игерілген.

оның ішінде:

- Аудандық (облыстық маңызы бар қалалар) бюджеттерге кондоминиум объектілерінің ортақ мүлкіне күрделі жөндеу жүргізуге кредит беруге республикалық бюджеттен 955 364,0 мың теңге жоспарланып, толық игерілген.

279 087 «Аудандық (облыстық маңызы бар қалалар) бюджеттерге кондоминиум объектілерінің ортақ мүлкіне күрделі жөндеу жүргізуге кредит беру» бюджеттік бағдарламасы бойынша республикалық бюджеттен 955 364,0 мың теңге бөлініп, толық игерілген, жоспар 100,0%-ды құрайды.

Бюджеттік бағдарлама шеңберінде Түркістан қаласындағы 45 тұрғын үйге күрделі жөндеу жұмыстары жүргізіліп, аяқталған.

- Ауылдық елді мекендерде және шағын қалаларда шағын кредит беру үшін облыстық бюджеттерге кредит беруге республикалық бюджеттен 6 479 482,0 мың теңге кредит беріліп, толық игерілген.

255 078 «Ауылдық елді мекендерде және шағын қалаларда шағын кредит беру үшін облыстық бюджеттерге кредит беру» бюджеттік бағдарламасына республикалық бюджеттен 6 479 482,0 мың теңге бөлініп, жоспар 100%-ға орындалған.

Бұл қаржы есебінен ауылдық жерлерде және кіші қалаларда 1 277 жобаға микронесиелерді беру жоспарланып, 2023 жылдың қаңтар айына дейін 1 121 жоба қаржыландырылды, жоспар 95,6%-ға орындалды. Қағида талаптарына және үш жақты келісім шартқа (*Түркістан облысының әкімдігі, облыстық ауыл шаруашылығы басқармасы және «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ*) сәйкес бөлінген қаржыны 2023 жылдың қыркүйек айына дейін соңғы қарыз алушыларға беру қаралған.

- Мамандарды әлеуметтік қолдау шараларын іске асыру үшін жергілікті атқарушы органдарға берілетін бюджеттік кредиттер 2 108 876,0 мың жоспарланып, толық игерілген;

750 007 «Мамандарды әлеуметтік қолдау шараларын іске асыру үшін жергілікті атқарушы органдарға берілетін бюджеттік кредиттер» бюджеттік бағдарламасы аясында республикалық бюджет есебінен 2 108 876,0 мың теңге кредиттер бөлініп, жоспар 100%-ға орындалған.

Аталған қаржы есебінен ауылдық елді мекендерге жұмыс істеуге келген әлеуметтік саласының 459 маманға (*Бәйдібек ауданы – 72 маман, Қазығұрт ауданы – 72 маман, Мақтаарал ауданы – 80 маман, Жетісай ауданы – 72 маман, Ордабасы ауданы – 6 маман, Отырар ауданы – 10 маман, Сауран ауданы – 2 маман, Сарыағаш ауданы – 40 маман, Келес ауданы – 70 маман, Созақ ауданы – 14 маман, Төлеби ауданы – 2 маман, Түлкібас ауданы – 10 маман, Шардара ауданы – 4 маман, Арыс қаласы – 5 маман, оның ішінде білім саласы бойынша – 280, денсаулық сақтау саласы бойынша – 103, мәдениет саласы бойынша – 12, спорт саласы бойынша – 32, әлеуметтік қамсыздандыру саласы бойынша – 5, агроөнеркәсіп кешені – 26 мемлекеттік, қызметшілер – 1*) тұрғын үй салу немесе сатып алу үшін кредиттер берілген.

Жоғары тұрған бюджетке кредиттерді қайтару үшін аудан және қала әкімдіктеріне немесе қаржы ұйымдарына жобаларды іске асыру үшін аударылған кредиттер облыстық бюджетке шоғырланып, 26 919 365,0 мың теңге жоғары тұрған бюджетке қайтарылған, *оның ішінде:*

751 008 «Жергілікті атқарушы органның жоғары борышын өтеу» бюджеттік бағдарламасы бойынша 24 703 993,0 мың теңге жоспарланып, жоспар 100%-ға орындалған.

2020 жылы Түркістан қаласында тұрғын үй құрылысын жүргізу үшін «Нұрлы жер», «Шаңырақ» бағдарламалары аясында 24 703 993,0 мың теңге көлемінде шығарылған мемлекеттік бағалы қағаздар бойынша негізгі борыш сомалары келісімшартқа сәйкес толығымен қайтарылған.

751 015 «Жергілікті атқарушы органның борышын өтеу» бюджеттік бағдарламасы бойынша 2 133 095,0 мың теңге бөлініп, оның 2 133 094,1 мың теңгесі игерілген немесе жоспар 100%-ға орындалған.

1). «Мамандарды әлеуметтік қолдау шараларын іске асыру үшін жергілікті атқарушы органдарға берілетін бюджеттік кредиттер» бойынша 2010 жылғы 7 сәуірдегі №9МИО085, 2011 жылғы 18 мамырдағы №9МИО184, 2012 жылғы 3 сәуірдегі №9МИО286, 2013 жылғы 8 мамырдағы №9МИО415, 2014 жылғы 7 ақпандағы №9МИО 473, 2015 жылғы 17 ақпандағы №9МИО638, 2016 жылғы 25 ақпандағы №9МИО767, 2017 жылғы 2 наурыздағы №9МИО853, 2018 жылғы 19 наурыздағы №9МИО 922, 2019 жылғы 22 сәуірдегі №9МИО1027, 2020 жылғы 20 наурыздағы №9МИО1067, 2021 жылғы 11 маусымдағы №9МИО1178 кредиттік шарттарының кестесіне сәйкес 776 408,6 мың теңге республикалық бюджетке қайтарылған;

2). «Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамыту» бағдарламасы бойынша 2018 жылғы 27 наурыздағы №9МИО931, 2019 жылғы 22 сәуірдегі №9МИО1036, 2020 жылғы 25 ақпандағы №9МИО1059 кредиттік шарттарына сәйкес 1 062 781,9 мың теңге республикалық бюджетке қайтарылған;

3). «Моноқалалардағы кәсіпкерлікті дамыту» бағдарламасы аясында 2018 жылғы 29 наурыздағы №9МИО938, 2019 жылғы 19 наурыздағы №9МИО1001, 2020 жылғы 12 тамыздағы №9МИО1120 кредиттік шарттарына сәйкес 3 000,0 мың теңге республикалық бюджетке қайтарылған;

4). «Жылу, су жүйелерін дамыту» бағдарламасы бойынша 2016 жылғы 14 сәуірдегі №9МИО804 кредиттік шартына сәйкес 63 549,2 мың теңге республикалық бюджетке қайтарылған;

Сонымен қатар, 2000 жылғы 7 тамыздағы несие келісіміне сәйкес «Қала көлігін дамытуға» берілген несие бойынша 155 840,3 мың теңге, «Су ресурстарын басқару және жерді қалпына келтіру» жобасы бойынша 2003 жылғы 22 мамырдағы №7АБР003Б шартына сәйкес 71 514,1 мың теңге толығымен қайтарылған.

751 018 «Республикалық бюджеттен бөлінген пайдаланылмаған бюджеттік кредиттерді қайтару» бюджеттік бағдарламасы бойынша 2,0 мың теңге жоспарланып, оның 1,5 мың теңгесі игерілген немесе жоспар 75%-ға орындалған.

Мамандарды әлеуметтік қолдау шараларын іске асыру үшін жергілікті атқарушы органдарға берілетін бюджеттік кредиттер бойынша 2020 жылғы 20 наурыздағы №9МИО1067 кредиттік келісімшартқа сәйкес (*Мақтаарал ауданы – 1,0 мың теңге, Отырар ауданы – 0,5 мың теңге*) үнемделген 1,5 мың теңге жоғары тұрған бюджетке қайтарылған.

«Қуатты өңірлер – ел дамуының драйвері» ұлттық жобасының іске асырылуы туралы

Жергілікті маңызы бар жолдарды дамытуға 30 084 926,0 мың теңге (РБ – 23 511 215,0 мың теңге, ОБ – 6 573 711,0 мың теңге) бөлініп, құрылыс-жөндеу жұмыстарымен 92 нысан немесе 1049,1 шқ. жол қамтылған. Жыл қорытындысымен 54 нысан немесе 529,8 шқ. жол пайдалануға берілген.

Оның ішінде:

- Облыстық маңызы бар жолдарды жөндеуге 24 903 991,0 мың теңге бөлініп (РБ – 19 634 972,0 мың тг., ОБ – 5 269 019,0 мың тг.), 52 нысан немесе 879,2 шқ. (5 көпір, 17 ЖСҚ, күтіп-ұстау) жол құрылыс-жөндеу жұмыстарымен қамтылды, 31 нысан немесе 450,7 шқ. автомобиль жолдары пайдалануға берілген.

- Аудандық маңызы бар жолдарды жөндеуге 5 180 935,0 мың теңге бөлініп (РБ – 3 876 243,0 мың тг.; ОБ – 1 304 692,0 мың тг.), 40 нысан немесе 169,9 шқ. жолда (3 көпір, 1 ЖСҚ, күтіп-ұстау) күрделі және орташа жөндеу жұмыстарымен қамтылған, 23 нысан немесе 79,1 шқ. автомобиль жолдары пайдалануға берілген.

Атқарылған жұмыстардың нәтижесінде облыстық және аудандық маңызы бар автомобиль жолдарының жақсы және қанағатты жағдайдағы үлесі 92%-ға артқан.

Ауылдық елді мекендердің әлеуметтік сала мамандарын әлеуметтік қолдау шараларын іске асыру жөніндегі бағдарламаны іске асыру

Ауылдық елді мекендердің әлеуметтік саласының мамандарын әлеуметтік қолдау шараларын іске асыру үшін берілетін бюджеттік кредиттер есебінен республикалық бюджеттен 2022 жылы 2 108 876,0 мың теңге бөлініп, жоспар 99,8% пайызға орындалған. Игерілмеген 4 595,0 мың теңге үнемделген қаржы.

Түзілген келісім-шарттарға сәйкес ауылдық елді мекендерге жұмыс істеуге келген 459 маман оның ішінде білім беру – 280 (1 284 035,0 мың теңге), денсаулық сақтау – 103 (471 797,0 мың теңге), әлеуметтік қамсыздандыру 5 (22 973,0 мың теңге), агроөнеркәсіп кешені – 26 (120 510,0 мың теңге), мәдениет – 12 (55 134,0 мың теңге), спорт – 32 (149 832,0 мың теңге) және мемлекеттік қызметшілер 1 (4 595,0 мың теңге) мамандары тұрғын үйлермен қамтамасыз етілген.

«Ауыл – ел бесігі» жобасының іске асырылуы

«Ауыл – ел бесігі» арнайы жобасының шеңберінде білім беру, мәдениет, спорт, денсаулық сақтау объектілерінің, электрмен жабдықтау, газбен қамтамасыз ету және ауылдық елді мекендердің жолдарын күрделі және ағымдағы жөндеуге қаралған 18 342 007,0 мың теңгенің 18 227 654,0 мың теңгесі игеріліп, жоспар 99,4%-ды құрады. Игерілмеген 114 353,0 мың теңгенің 34 353,0 мың теңгесі мемлекеттік сатып алудан үнемделсе, 80 000,0 мың теңге сот процестерінің жүргізілуіне байланысты игерілмеген.

«Өңірлерді дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы» шеңберінде ауылдық елді мекендерді дамыту перспективасын, тұрғындар санын, шекара маңында орналасуын және әлеуметтік-экономикалық даму әлеуетін сипаттайтын көрсеткіштерді негізге ала отырып 252 жоба (2021 жылы 323 жоба) жүзеге асырылған.

Жобаны іске асыру кезінде «Бюджеттік сүзгіні» қамтамасыз ете отырып (жобаға енгізілген тірек ауылдарды басым қаржыландыру), тірек ауылдарды дамытудың кешенді тәсілі қолданылған.

Нәтижесінде ауылдық елді мекендерде 11 мектеп, 13 мәдениет үйінің құрылысы және 1 күрделі жөндеу жұмыстары, 5 спорт нысанның құрылысы және 1 күрделі жөндеу жұмыстары, 12 денсаулық сақтау нысандары жөнделген,

15 газ жүйесінің құрылысы, 6 электр желілерінің құрылыс жұмыстары жүргізіліп, 216,2 шақырым жол немесе 165 ішкі көшелер жөнделген.

Жоспарланған жобаларды іске асыруға ағымдағы жылы 108 ауылдық елді мекендердің (40-тіректі, 65-спутникті, 3-шекара) инфрақұрылымдарын жаңғырту мен 423,6 мыңға жуық ауыл тұрғындарының өмір сапасын арттыруға мүмкіндік берген.

«2021-2025 жылдарға арналған кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі Ұлттық жобасының» іске асырылуы туралы

«Кәсіпкерлікті дамытуға арналған ұлттық жобасын» жүзеге асыруға «Еңбек» бағыты аясында 70 300 адамды жұмыспен қамту шараларына жолдау жоспарланған.

Жыл қорытындысымен нақты 120 269 адам жолданып, бекітілген жоспар 171,2% орындалған.

Ұлттық жобаның бірінші бағыты шеңберінде (Кәсіпкерлердің қажеттілігіне қарай дағдыларды дамыту) жалпы жергілікті бюджет есебінен 843 адамды қысқа мерзімдік оқуға жолдау жоспарланған (580 адамды жұмыс берушілердің өтініміне сәйкес жұмыссыздарды оқу ұйымдарында оқыту, 263 адамды жұмыс орнында оқыту).

Кәсіптік оқуды 622 адам аяқтап (5 адам оқудан шығарылған),оның ішінен 578 адам немесе 92,4% тұрақты жұмысқа орналасқан. Қалған 47 адамды 2023 жылдың 31 қаңтарына дейін жұмысқа орналастыру күтілуде.

Сонымен қатар, enbek.kz платформасында сұранысқа ие дағдыларды қолдану бойынша 1 972 жұмыссыздарды онлайн оқыту жоспарланып, 2 438 адам оқып, оның 2 164-і сертификат алған.

Ұлттық жобаның екінші бағыты (Жұмыс орындарын субсидиялауды ұйымдастыру арқылы кәсіпкерлікті қолдау) шеңберінде жалпы 61 017 адамды жұмысқа жолдау жоспарланып, нақты 84 979 адам немесе 139,2% жолданған. Оның ішінде:

- 53 658 адам немесе 148,8% тұрақты жұмысқа орналасқан;
- 31 321 адам субсидияланған жұмыс орындарына жолданған.

Оның 24 042 адамы аяқтап, 14 039 адам немесе 58,4% тұрақты жұмысқа орналасқан. Атап айтқанда:

- 3 120 адамды әлеуметтік жұмыс орындарына жолдау жоспарланып, 973 778,0 мың теңге қаржы бөлініп, игерілген. Әлеуметтік жұмыс орындарына нақты 3 516 адам қатысып (112,6%), 3 516 адам аяқтаған. Аяқтағандардың ішінен 3 092 адам немесе 87,9% тұрақты жұмысқа орналасқан;

- 5 658 жас түлекті жастар практикасына жолдау жоспарланып, 4 006 360,0 мың теңге қаржы қаралып, игерілген. Жастар практикасына нақты 7 576 адам жолданып (133,8%), 1 337 адам аяқтаған. Аяқтағандардың ішінен 324 адам немесе 24,2% тұрақты жұмысқа орналасқан. Қалған 5 915 адам 2023 жылға өтпелі контингент;

- «Алғашқы жұмыс орны» жобасына 396 жастарды жолдау жоспарланып, бюджет көздерінен 418 646,0 мың теңге қаржы қаралып, игерілген. Алғашқы жұмыс орны жобасына нақты 690 адам қатысып (174,2%), 125 адам аяқтаған.

Аяқтағандардың ішінен 24 адам немесе 19,2% тұрақты жұмысқа орналасқан. Қалған 541 адам 2023 жылға өтпелі контингент;

- Қоғамдық жұмыс орындарына 12 000 адамды жолдау жоспарланып, бюджет көздерінен 6 611 859,0 мың теңге қаржы қаралып, игерілген. Қоғамдық жұмыс орындарын нақты 19 015 адам жолданып (158,4%), 19 004 адам аяқтаған. Аяқтағандардың ішінен 10 582 адам немесе 55,7% тұрақты жұмысқа орналасқан;

- «Күміс жас» жобасына 518 азаматты жолдау жоспарланып, 200 234,0 мың теңге қаржы қаралып, игерілген. Нақты 516 адам жолданып (93,4%), 53 адам аяқтаған. Аяқтағандардың ішінен 13 адам немесе 24,5% тұрақты жұмысқа орналасқан. Қалған 450 адам 2023 жылға өтпелі контингент;

- «Ұрпақтар келісім шарты» жобасына 47 азаматты жұмысқа жолдау жоспарланып, нақты 8 адам жолданды (17,0%). Ұрпақтар келісім шарты жобасын 7 адам аяқтап, 4 адам немесе 57,1% тұрақты жұмысқа орналасқан.

Ұлттық жобаның үшінші бағыты (Өз ісін ашу және дамыту үшін жағдай жасау) аясында «Бастау-бизнес» жобасы бойынша кәсіпкерлік негіздеріне 29 303 адам оқып, оның 23 508 адамы сертификат алған.

Жаңа-бизнес идеяларын дамыту үшін 400 айлық есептік көрсеткіште 2 922 адамға 6 030 097,0 мың теңгеге грант беру жоспарланған. 2022 жылы нақты 2 922 адам грант алған.

Статистикалық мәліметке сәйкес, 2022 жылдың III тоқсанының қорытындысымен:

- жұмыссыздық деңгейі 5,3% (жоспар 5,2%);
- жұмыссыздар саны 43 400 адам;
- жастар арасындағы жұмыссыздық деңгейі 3,8% (жоспар 4,5%);
- жұмыссыз жастар саны 6 688 адам;
- әйелдер арасындағы жұмыссыздық деңгейі 6,5% құраған.

«Бизнестің жол картасы-2025» бизнесті қолдау мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде кредиттер бойынша пайыздық мөлшерлемені субсидиялау» бюджеттік бағдарламасында 1 533 000,0 мың теңгеге шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерінің 443 жобасына қолдау көрсетілген.

«Бизнестің жол картасы 2025» бизнесті қолдаумен дамытудың мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде шағын және орта бизнеске кредиттерді ішінара кепілдендіру» бюджеттік бағдарламасында 500 000,0 мың теңгеге шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерінің 210 жобасына қолдау көрсетілген.

«Бизнестің жол картасы-2025» бизнесті қолдау мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде жеке кәсіпкерлікті қолдау» бюджеттік бағдарлама шеңберінде жергілікті бюджеттен 69 300,0 мың теңге көлемінде қаражат бөлініп, 14 кәсіпкерге қайтарымсыз мемлекеттік грант берілген.

«Бизнестің жол картасы-2025» бизнесті қолдау мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде жаңа бизнес-идеяларды іске асыру үшін жас кәсіпкерлерге мемлекеттік гранттар беру» бюджеттік бағдарлама

шеңберінде республикалық бюджеттен 48 000,0 мың теңге көлемінде қаражат бөлініп, 10 жас кәсіпкерлерге қайтарымсыз мемлекеттік грант берілген.

III. Қорытынды бөлік

3.1 Мемлекеттік аудит жүргізу барысында қабылданған шаралар:

Аудит жүргізу барысында аудит объектісімен шаралар қабылданбады.

3.2 Мемлекеттік аудиттің қорытындысы бойынша тұжырымдар:

Мекеменің алға қойған мақсаттары Ережеде айқындалған облыстың әлеуметтік-экономикалық дамуының стратегиялық мақсаттары мен басымдықтарын, негізгі бағыттарын қалыптастыру, облыстың әлеуметтік-экономикалық даму басымдықтары негізінде бюджеттік саясатты жүзеге асыру, өңірлік даму саласында мемлекеттік саясатты жүзеге асыру ретінде іске асырылған.

Бюджет қаражаты мен инвестициялар есебінен іс-шараларды іске асыру тұтастай алғанда өңірдің әлеуметтік-экономикасына және облысты дамыту жоспарының нысаналы индикаторларының жоспарлы көрсеткіштеріне қол жеткізуге оң әсерін тигізген.

2022 жылы облыстық бюджетті нақтылау және түзету барысында облыстық бюджетке түсетін түсімдерге елеулі өзгерістер енгізіліп, -585 755,0 мың теңгеге ұлғайып, жоспар 1 298 851 591,0 мың теңгені құраған.

Облыстық бюджетке түскен түсімдердің жалпы көлемінде кірістердің үлесі 94,4%, бюджеттік кредиттерді өтеу – 3,0%, қарыздар түсімі –2,5%, мемлекеттің қаржылық активтерін сатудан түскен түсімдер 0,003% құраған.

2022 жылғы облыстық бюджетке түсетін түсімдердің орындалуы 1 298 265 835,8 мың теңгені немесе түзетілген бюджетке 100,0 % құраған.

2022 жыл ішінде кіріс бөлігі нақтылау және түзетулер кезінде - 596 449,1 мың теңгеге кеміп, 1 226 485 968,0 мың теңге сомасында анықталған. Кірістердің нақты түсімі 1 225 889 518,9 мың теңгені құрады немесе жоспар - 596 449,1 мың теңгеге кем орындалған. Оның ішінде (трансферттердің түсімдерін қоспағанда), 17 кіріс көзі бойынша жоспар орындалса (немесе асыра орындалса), 5 кіріс көзі бойынша жоспар орындалмаған және жоспарланбаған 6 кіріс көзі бойынша кірістер түскен. Трансферттердің түсімдері 100%-ға орындалған.

Облыстық бюджеттің кіріс бөлігінде салық түсімдері 4,5% немесе 55 115 863,1 мың теңгені, салықтық емес түсімдер – 1,0% немесе 12 394 833,4 мың теңгені, негізгі капиталды сатудан түскен түсімдер 0,005% немесе 63 574,3 мың теңгені, трансферттердің түсімдері – 94,5% немесе 1 158 315 248,1 мың теңгені құраған.

Бюджет кредиттерін өтеу сомаларының жоспары 39 408 518,0 мың теңгені құрап, 39 408 518,9 мың теңгеге немесе 100,0%-ға орындалған.

Қарыздар түсімі бойынша жоспар 32 927 105,0 мың теңгені құрап, 32 927 105,0 мың теңгеге немесе 100% орындалған.

Мемлекеттің қаржылық активтерін сатудан түсетін түсімдер бойынша жоспар 30 000,0 мың теңге, нақты түскені 40 693,0 мың теңге.

2022 жылы облыстық бюджетке түсетін салықтық емес түсімдер жоспары

3 573 221,0 мың теңгеде бекітіліп, қаржы жылы ішінде енгізілген өзгерістерге сәйкес түзетілген бюджет 14 251 555,0 мың теңгені құраса, жыл қорытындысымен 12 394 833,4 мың теңгеге орындалған немесе түзетілген бюджеттің орындалуы 87,0% құраған.

2022 жылы негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер жоспары 5 323,0 мың теңгеде бекітіліп, қаржы жылы ішінде енгізілген өзгерістерге сәйкес түзетілген бюджет 50 000,0 мың теңгені құраса, жыл қорытындысымен 63 574,3 мың теңгеге орындалған немесе түзетілген бюджеттің орындалуы 127,1%-ды құраған. Бұл түсім 301102 "Жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелерге бекітілген мүлікті сатудан түсетін түсімдер" коды бойынша түскен. Жоспарланған жекешелендіру нысандарының саны артуына және коммуналдық мүлікті жекешелендіру "Gosreestr.kz" веб-порталы арқылы аукцион түрінде жүзеге асырылуына байланысты жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелерге бекітілген мүлікті сатудан түсетін түсімдер артқан.

2022 жылы трансферттер түсімі 995 226 313,0 мың теңгеде бекітіліп, жыл соңындағы түзетілген бюджеті 1 158 315 249,0 мың теңгені құрап, нақты 1 158 315 248,1 мың теңгеге толық және уақтылы орындалған.

Түсімдер тұжырымы:

Түзетілген болжамдық көрсеткіштердің елеулі мөлшерде асыра орындалуы облыстық бюджеттің кіріс бөлігін жоспарлау сапасын одан әрі жетілдіруді қажет ететіндігін көрсетеді.

Салықтық түсімдеріне жан-жақты талдау жасалмауынан жыл бойы бюджет қаражатын бірнеше рет ұлғайтуға немесе қысқартуға жол берілген.

Бюджеттің кіріс бөлігін қалыптастыру мақсатында өсу қарқыны мен өткен жылдың төлемдері түсімдерінің серпіні, сондай-ақ нақты салықтық база есепке алына бермейді. Бюджетке қосымша қаражаттарды жұмылдырудың барлық резервтер толық пайдаланылмайды.

Жоспарлы тағайындаулардың едәуір асыра орындалуын немесе толық орындалмауын, жыл көлемінде нақтылауларды болдырмау немесе азайту мақсатында түсімдердің мониторингін тұрақты негізде жүргізу қажет.

Бересіні төмендету бойынша басқару шараларының қолданылуын одан әрі жетілдіру қажет деп есептейміз.

Сондай ақ, республикалық бюджеттен берілетін трансферттерге тәуелділіктен арылу үшін, сонымен бірге бюджеттің түсімдерін арттыру мақсатында облыстық бюджеттің өзіндік кірістерін ұлғайту бойынша тиісті жұмыстарды жандандырып, облыстық бюджетке қосымша қаражатты жұмылдыруды қамтамасыз ету қажет. Бюджеттің кіріс бөлігін қалыптастыруда салық салу базасының барлық резервтері ескерілуі қажет.

Жалпы түсімдер бойынша талдау нәтижелері көрсеткендей, 2021 жылдың қорытындысымен жалпы түсімдердің жоспары орындалғанымен, кейбір түсім көздері бойынша 2020 жылмен салыстырғанда төмендегені байқалады. Бұл ретте, облыстық бюджеттің кіріс бөлігінде бюджетке түсетін түсімдердің толықтығын және уақтылылығын қамтамасыз ету жөніндегі қызметті жүзеге асыратын жауапты уәкілетті органдармен бірлесе түсімдерді

жоспарлаудың сапасын арттыру және мониторингілеу жұмыстарын күшейту қажет.

Облыстық бюджеттің кіріс бөлігінде бюджетке түсетін түсімдердің толықтығын және уақтылылығын қамтамасыз ету жөніндегі қызметті жүзеге асыратын жауапты уәкілетті органдармен бірлесе түсімдерді жоспарлаудың сапасын арттыру және мониторингілеу жұмыстарын күшейту қажет деп есептейміз.

2. Шығындар қорытындысы:

2022 жылы облыстық бюджетті түзету барысында бюджет шығындарының көлемі 222 621 480,0 мың теңгеге немесе 21,3%-ға ұлғайған. Бұл көрсеткіш 2021 жылы 22,7%-ды 2020 жылы 34,2%-ды және 2019 жылы 35,2%-ды құраған.

2022 жылы облыстық бюджеттің шығыстары 99,9%-ға немесе түзетілген бюджет жоспарындағы 1 301 433 079,0 мың теңгенің 1 300 572 299,5 мың теңгесі игерілген. Атқарылмау сомасы 860 779,5 мың теңгені, оның ішінде бюджет қаражатының үнемделуі 224682,6 мың теңгені (14 056,7мың теңге мемлекеттік сатып алудан, 8 590,5 мың теңге жалақыдан бос орындар есебінен, 202035,4 мың теңге басқада себептер), игерілмеген қаржылар 636 096,9 мың теңгені құраған

Облыстық жергілікті атқарушы органының резервтерінің бөлінбеген қалдығы 125 070,0 мың теңге.

2022 жылы 29 бюджеттік бағдарлама әкімшісі тарапынан 220 бюджеттік бағдарлама іске асырылған. 2022 жылдың 1 тоқсанның қорытындысы бойынша игерілмеген қаржы көлемі 288 272,8 мың теңге болса, 2 тоқсанның қорытындысы бойынша 195 769,9 мың теңге, 3 тоқсанның қорытындысы бойынша 11 451 321,9 мың теңге, ал 2022 жылдың 1 желтоқсандағы жағдай бойынша 12 094 716,0 мың теңгеге жоспар игерілмей қалған.

Пайдаланылмаған қаржының негізгі бөлігі жергілікті атқарушы орган резервтерінің бөлінбеген қалдығы 125 070,0 мың теңге (14,5%), игерілмеген қаржы 636 096,9 мың теңге (73,9 %), үнемделген қаржы 99 612,6 мың теңге (11,6%) есебінен құралған.

Үнемделген 99 612,6 мың теңге төмендегі себептерге қалыптасқан: мемлекеттік сатып алу нәтижелері бойынша 14 056,7 мың теңге, еңбекақы төлем қоры бойынша 8 590,5 мың теңге және 76 965,4 мың теңге өзгеде себептерге байланысты үнемделген.

2022 жылдың қорытындысы бойынша игерілмеген 636 096,9 мың теңге төмендегі себептерге байланысты қалыптасқан: тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) өнім берушілерінің шарттық міндеттемелерді орындалмағандықтан 351 873,5 мың теңге, өзгеде себептерге байланысты 104481,4 мың теңге және Жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы арқылы «Төменгі тұрған бюджеттерге берілетін нысаналы ағымдағы трансферттер» бюджеттік бағдарламасы бойынша Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан жаңа бизнес идеяларды іске асыру гранттарына 200 (АЕК) берілетін кепілдендірілген трансферттер Отырар ауданына облыстық бюджеттің қолма-қол бақылау шотындағы қалдық

болмауына байланысты 179 742,0 мың теңгесі игерілмеген.

Облыстық 29 бюджеттік бағдарлама әкімшілерінің ішінде жыл соңына 14 бюджеттік бағдарлама әкімшілері бойынша қаржы игерілмей, қаржының игерілмеуі облыс мәслихатының аппараты, облыс әкімі аппараты, облыстың табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы, облыстың ауыл шаруашылығы басқармасы, облыстың жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы, облыстың жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы, облыстың құрылыс басқармасы, облыстың энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы, облыстың дене шынықтыру және спорт басқармасы, облыстың мемлекеттік сатып алу басқармасы, облыстың қоғамдық даму басқармасы, облыстың адами әлеуетті дамыту басқармасы, облыстың қоғамдық денсаулық басқармасы, облыстың цифрландыру, мемлекеттік қызметтер көрсету және архивтер басқармасы бойынша орын алған.

Түркістан облысы қаржы және мемлекеттік активтер басқармасы ұсынылған облыстық бюджеттің атқарылуы туралы есебіне сәйкес 2022 жылы республикалық бюджеттен барлығы 488 457 014,0 мың теңге нысаналы трансферттер бөлінген.

Оның ішінде, 347 975 534,0 мың теңге нысаналы ағымдағы трансферттердің 345 343 514,5 мың теңгесі игеріліп, игерілмеген қаржы 2 632 019,5 мың теңгені құраған.

Ал нысаналы даму трансферттері бойынша жоспарланған 140 481 480,0 мың теңгенің 140 126 994,2 мың теңгесі игеріліп, игерілмеген қаржы 354 485,8 мың теңгені құраған.

Жалпы республикалық бюджеттен бөлінген нысаналы трансферттердің 2 986 505,3 мың теңгесі игерілмеген.

2022 жылға арналған облыстық бюджет 23 768 378,0 мың теңге мөлшеріндегі тапшылықпен бекітілген.

Бюджеттің түзетілген (-) 8 589 228,0 мың теңге сомадағы тапшылығы, бекітілген бюджеттен шығындар көлемінің ұлғаюымен және бюджеттік кредиттер мен қаржы активтерін сатып алуға қаржы қарастырылуымен байланысты қалыптасқан.

Іс жүзінде есепті жылдың соңында бюджет тапшылығы (-) 8 314 205,1 мың теңгені құраған. Бұл өткен жылмен салыстырғанда – 54 668 046,4 мың теңгеге кеміген.

Тұжырым шығындар: Жалпы қорытындылай келе, жергілікті атқарушы орган тарапынан мониторингтің тиісті деңгейде жүргізілмегендігін және бюджеттік бағдарлама әкімшілері тарапынан қаржының толық игерілуін қамтамасыз етуге бағытталған жүйелі және уақытылы іс-шаралардың тиісті деңгейде атқарылмағандығын байқауға болады.

Жергілікті атқарушы орган және бюджеттік бағдарлама әкімшілері тарапынан міндеттемелердің уақтылы қабылданбауы, бюджеттік бағдарламалар бойынша төлемдердің уақтылы жүргізілмеу себептерін анықтау, бюджет

түсімдері мен шығыстарының атқарылуы болжамдарын жасау мақсатында жүзеге асырылатын бюджеттің атқарылу көрсеткіштерін тұрақты және жүйелі жинау, бақылап отыру және талдау арқылы бюджеттік мониторингті күшейту қажет.

Әр тоқсандар бойы игерілмеген қаржылар негізі бюджеттік бағдарлама әкімшілері тарапынан мемлекеттік сатып алудың дер кезінде өткізілмеуіне, жеткізіп берушілердің көрсететін қызметтеріне және мердігерлердің атқарылған жұмыстарына тұрақты мерзімдік қадағалаудың болмауы есебінен орын алған.

Бюджеттік бағдарламаны орындаудың тиімділігі бойынша іс жүзінде қол жеткізілген бюджеттік бағдарламаның тікелей нәтижесінің бюджеттік бағдарламалар бойынша игеру пайызымен ара қатынасы 2022 жылы 100 пайызды құраған.

Жалпы аудитпен қамтылған 1 бірлік аудит объектісінде қаржылық бұзушылықтар анықталмаған.

Рәсімдерді орындау тәртібінің бұзылуы бойынша бұзушылық фактілері орын алмаған.

3.3 Мемлекеттік аудиттің нәтижесі бойынша ұсынымдар мен тапсырмалар:

1. «Облыстың қаржы және мемлекеттік активтер басқармасында 2022 жылдың бюджетін жоспарлау және атқару кезінде бюджет заңнамасының сақталуына, облыстық бюджетке бөлінген бюджет қаражатының және мемлекеттік активтерінің пайдаланылу тиімділігіне мемлекеттік аудит жүргізу» аудиторлық іс-шарасы бойынша мемлекеттік аудиттің қорытынды материалдары Тексеру комиссиясының отырысында қаралсын.

2. Аудиторлық қорытындыдан үзінді Түркістан облысының әкімі мен мәслихат аппараттарына жолдансын.

3.4 Қосымша:

Мемлекеттік аудит нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтар мен кемшіліктердің жиынтық тізілімі.